			Lesson Study - кәсіби білім жетілдіру құралы.			
			Қазіргі күні сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Мұғалім нені оқыту емес, қалай оқытуды көздейді. Сол себепті де оқытуды жақсарту үшін басқа мұғалімдермен бірлесе жұмыс жасап, сабақты бірлесіп жоспарлау, бақылау қажет. Бүгінгі күні мектебімізде оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында сабақты, іс әрекетті зерттеу әдістері кеңінен пайдаланылады. Мектебімізде сабақты зерттеу (Lesson Study) үдерісі жүйелі түрде атқарылып келеді. Оқу жылы барысында әр топ өзінің зерттеу сабақтарын жүргізіп, мол тәжірибе жинақтады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесін БАҚ жариялап отырды.			

«Lesson Study» сабақты зерттеу, «Action research» іс-әрекетті зерттеу – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық үрдіс. 2024-2025 оқу жылында мектеп бойынша сабақты зерттеу үрдісі бастауыш және орта және жоғары буында барлық пәндер аясында қолданылды. Мектеп бойынша инновациялық қызметті ұйымдастыру барысында 09.10.2024 жылы №291 бұйрығына сәйкес 14 сабақты зерттеу топтары құрылып, 1 іс-әрекетті зерттеу жұмысы жүргізілді. Бұл дегеніміз былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 2 зерттеу тобына артты. Фокус топтарының қатарында әкімшілік мүшелері, деңгейлік, lesson study курстарынан өткен ұстаздар, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, ӘБ жетекшілері, жас мамандар кірді. Сабақты зерттеу (LS) -сабақты жоспарлаудың, тәжірибеде туындаған мәселелерді шешудің, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдаудың ұтымды жолы.

Зерттеу топтары отырыстарында жұмыс жоспарлары құрылып, сабақты зерделеу бойынша оқу мен оқытудың нақты технологияларын таңдалды. Зерттеу топтары зерттеу нысанын анықтап, әр циклдың жоспарын құрды. Фокус топтары арасында отырыстар өткізіліп, хаттамалар жазылып отырды. Әр циклдан кейінгі отырыста проблеманы шешу үшін таңдалып алынған әдістің ұтымды болғаны туралы және зерттеу нысанын өзгертуі немесе өзгертпеуі, келесі циклға қандай өзгертулер енгізу бойынша талқыланды. Зерттеу нысандары жасыл топтар, сары топтар, қызыл топтардағы оқушыларға бөлінді. Зерттеу топтары зерттеу проблемаларын анықтай отырып, проблемаларды шешуші құралдар таңдалып алынды.

«Lesson Study», «Action research» зерттеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар

№	Фокус топ атауы	Зерттеу нысаны	Зерттеу сұрағы	Мақсаты	Топ мүшелері
1	Креатив	7 «А»	7 «Г» сынып оқушыларының талдау дағдысын тұтас емес мәтіндермен жұмыс арқылы қалай дамытуға болады?	7 «Г» сынып оқушыларының талдау дағдысын тұтас емес мәтіндер арқылы дамыту	Г.Танатарова Г.Исембаева Б.Оразова Б.Абдрахманова
2	Үздік	4 «А»	БЖС технологиясы бойынша « Ауызша сабақ 2 » арқылы оқушылардың іздену қабілетін қалай арттыруға болады?	Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсарту және жетілдіруді зерттеу. Оқушылар пайдалы материалды тауып, өз бетінше ізденуге баулу.	Р.Орынбекова А.Лаубаева Э.Несіпбекова А.Ашимова
3	Бастау	2 «Г»	«Зымыран әдісі» арқылы 100 көлеміндегі сандарды разрядттан аттап қосу	Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу. Оқушылардың	С.Темірғали А.Шағатаева Ж.Жаканова

				және азайтуға қалай машықтандыруға болады?	қажеттіліктерін анықтап, білім алуға көмектесу. Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету.	Қ.Оспанова Л.Теміржанова	
		4	Алаш	6 «Г»	Тарих сабағында «ПТМС формуласы» арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытып, өз ойын еркін дәлелдеп, қорытынды жасауды қалай үйретуге болады?	Пәнді оқыту барысында оқушылардың қажеттіліктерін анықтап, тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу арқылы білім алуға көмектесу. Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету. Оқушылардың өз ойын, көз-қарасын білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттықтыру.	А.Берліқожанова Ж.Турганбекова А.Иманбекова Н.Ахметжанова Ф.Рысбаева
		5	GeoGebra Enthusiasts	9 сынып	ЖИ бойынша GeoGebra-ның интерактивті құралдары мен визуализациялар арқылы күрделі математикалық есептерді шешуде функция графигін сызуды қалай жақсартуға болады?	GeoGebra платформасын қолдана отырып оқушылардың күрделі математикалық есептерді шешуге деген қызығушылығын арттыру және оның тиімділігін бағалау.	С.Тілегенова Қ.Жүнісбек Г.Оқап
		6	Inno Teach	5 «Г»	«See ,think ,wonder» әдісін қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай арттыруға болады?	«See, think, wonder» әдіс – тәсілін қолдану арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру.	Д.Омарова А.Нұршекова А.Махат Ж.Джельдыбаева
		7	LS math	7 «Г»	Жасанды интеллект бойынша Desmos әдісін қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай арттыруға болады?	Оқушылардың тапсырмаларды жылдам әрі нақты жауап беру арқылы білімдерін түзету және жақсарту. Оқу процесін қызықты әрі интерактивті ету, оқушылардың белсенділігін арттыру.	Ұ.Талапбек А.Тазабек А.Сванкулова

			8	Алғыр	5 «В»	Әдебиет сабағында 5-сынып оқушыларының оқылым дағдысын қалыптастыруда «Комикс» әдісін қалай қолдануға болады?	Оқушылардың көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттыру. «Комикс» әдісін қолдана отырып оқушылардың айтылым дағдысын қалыптастыру.	А.Нүсіпханова А.Болысбекова Ш.Құдайбергенов А.Садуакасова Г.Бейсенбай
			9	Modern мұғалім	8 «В»	ПОПС әдісі арқылы оқушылардың айтылым дағдыларын қалай дамытуға болады?	Білім алушылардың айтылым дағдыларын «Попс» әдісін қолдана отырып, зерттелетін оқушылардың қажеттіліктерін дұрыс айқындау және нәтижелерін жақсарту.	Н.Себеп Қ.Асқарбекова А.Турысбекова А.Әбимолдаева
			10	Инноватор	6 «Б»	Оқушыларды ақпаратты бағалауға сұрақ қоюға және әр түрлі шешімдерді салыстыруға үйрету. Логикалық тапсырмалар мен жағдайларды шешу арқылы оқушылардың аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру.	Оқушылардың логикалық және танымдық дағдыларын «Magicschool» платформасы арқылы қалай дамытуға болады?	А.Мұратбек Ш.Мухабаева Т.Ерланұлы А.Құрманбаева
			11	Ұлағат	3 «Ә»	Тірек сөздерді пайдалана отырып, оқушылардың эссе жазу дағдысын қалай қалыптастыруға болады?	Тірек сөздерді пайдалана отырып, оқушылардың эссе жазу дағдылары қалыптасады, дамиды.	А.Айтжанова А.Ахметова А.Нусупова А.Ақтайлақ Р.Туганбаева
			12	Білім бастауы	1 «F»	Сюжетті суреттерді қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалай қалыптастыруға болады?	Өңгіме айту дағдыларын дамыту, оқушылардың сөйлеу қабілеттерін арттыру, өз ойларын нақты айта білуге үйрету.	Г.Мухамедкажиева М.Айтболатова Ж.Зекенова С.Каденова М.Дауренбекова
			13	The United States of Teachers	6 «Б»	«Inside Outside Circle» әдіс-тәсілін қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалай қалыптастыруға болады?	«Inside Outside Circle» әдіс-тәсілін қолдану арқылы оқушылардың өз пікірін айту, диалог жүргізу, сұраққа жауап беру, ақпаратты түсіндіру сияқты дағдыларын қалыптастыру.	Ж.Нурихан, А.Иманберлинова А.Төлегенова А.Дәуренбекова

			14	Magic Teachers	8 «Г»	Қазақ әдебиеті сабағын AR-VR нейрожелісі арқылы жандандыру, көркем шығармаларға деген қызығушылықты арттыру және оқушыларға шығармаларды тереңірек түсінуге мүмкіндік беру.	Оқушылардың айтылым дағдысын қалыптастыруда AR-VR кубының тиімділігі.	А.Базарбекова А.Жадрашова А.Абенова Г.Тойшибекова
			15	Новатор	8 «В»	See-Think-Wonder әдісін пайдалана отырып оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалай дамытуға болады?	Оқушылардың орыс тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту.	М.Кунапиянова К.Мыктыбаева А.Тусупова Р.Асильбекова
			16	Action research	7 «Б»	Как развивать устную монологическую речь учащихся через умение рассуждать?	Развивать устную монологическую речь учащихся, умение рассуждать.	С.Жаксенова
			Мектеп бойынша құрылған сабақты зерттеу топтары: - Пән, бірлестік, ортақ проблема бойынша топ құрылды; - Зерттеу нысанын анықтап алынды; - Зерттеу проблемасын анықталды; - Зерттеу проблемасын шешетін құрал таңдалып алынды; - Жоспар құрылып, жоспар бойынша біріккен ҚМЖ жасалып, зерттеу сабақтары өткізілді; - Lesson Study-дің аяғында оқушыдан сұзбат алынып отырды; - Оқыту әдісінің қолданылу ретіне назар аудара отырып, сабақтың әр кезеңі жоспарланды; - Бақылаудағы әрбір оқушыдан қандай реакция күтетініміз болжанып бақылау парағына жазылды. Бақылаушылар арасында кім қай бақылаудағы оқушыны (оқушыларды) қадағалайтынын келісілді; - Сабақ барысында қолданылатын ресурстар қалай қолданылатындығы дәл анықталды; - Lesson Study топтары зерттеу жұмысын аяқтаған соң оқушылардың пікірін, не пайдалы болғанын, олардың нені білгенін және олардың көзқарасы бойынша, оны одан да пайдалырақ ету үшін, сабақты тағы бір рет өткізсе нені өзгертуге болатыны туралы пікірін білу үшін бақылаудағы оқушылардан сұхбат алынды; - Зерттеу сабақтан кейін бірден жиналып, топ мүшелері Lesson Study-ден кейінгі жетістікті, жіберілген кемшілікті, оны жою жолдары қарастырылып талқыланды.					

	Тәрбие бағыттары	білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.	2024-2025 оқу жылында мектепте «Балалар кітапханасы», «Денсулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп», «Ұлттық мектеп лигасы», «Әкелер мектебі», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Аналар мектебі» жобалары. «Жас Жігер» ұлдар ұйымы, «Балауса» қыздар ұйымы. Балалар қозғалысы: «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы, «Жас Ұлан» БЖҰ, «Бала және театр», «Адал ұрпақ ұйымы», «Жас құтқарушылар» жасағы, «Жас полиция» кадеттері. 2024-2025 оқу жылы: SWOT талдау Күшті жақтары: 1. «ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ПСИХОТЕХНИКА» ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ұйымдастырған Республикалық "ҮЗДІК СЫНЫП" байқауында 9ғ сыныбы І орынға ие болды. Сынып жетекшісі Қ.Ж.Қуанышбаев. 2. Мектебіміздің "Асылтас" командасы облыстық “Qazaqsha mi battle“ Бейсен Құранбек кубогы байқауында жүлделі ІІІ орынға ие болды. Олар: Нұрқасым Мубина, Адельбаева Бибінуір, Абикенов Мәди, Данабай Айжан, Жақсылық Әбілмансұр. Жетекшісі қазақ тілі пәнінің мұғалімі Арай Болысбекова. 3. Мектебіміздің "Алаш“ дебат клубының қыздары №125 мектепте өткен қалалық "Тәуелсіздік кубогы” дебаттық ойындарында ІІІ орынға ие болды. 9ғ сыныбы командасы /Сейдулла Айару мен Құралхан Айғаным/ және 9б сыныбы командасы /Лияс Жаннұр мен Есенжолқызы Диана/. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Н.Д.Ахметханов. 4. “Жетісу әкелер мектебі” жобасы аясында ұйымдастырылған “Жеңіпаз” спорттық эстафеталық жарысында мектебіміздің әкелері номинациялық жүлдеге ие болып, ақшалай сыйлықпен марапатталды. 5. Мектебіміздің “Әкелер мектебі” кеңесінің төрағасы Абылай Қожақов “Асқар тау әке, Зерек бала” атты облыстық байқауында І орынға ие болды. 6. Қалалық «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында өткен «Бестас» ойындарына мектебіміздің 7 “Г” сынып оқушылары Айдынбекқызы Лаула, Ринатқызы Амина және 8 “А” сынып оқушысы Гымыңгелді Айару қатысып, жүлделі ІІІ орын алды, жетекшісі Амантайұлы Самат. 7. ШАХМАТТАН өткізілген ашық турнирде мектебіміздің 5-6 сыныптар командасы І орынға және 7-8 сыныптар командасы да І орынға ие болды. Жетекшісі ДШ пәнінің мұғалімі Айбек Базылжанов.	
--	--------------------------------	---	---	--

			8. Мектебіміздің 7-8 сынып оқушылары "Ұлттық мектеп лигасы" аясында өткізілген Үстел теннисі жарысында І орынға ие болды! Олар: Аслимов Ислам - 8а сыныбы, Ерланқызы Балнұр - 7ә сыныбы, Сманов Дамир - 7ә сыныбы. Жетекшісі ДШ пәнінің мұғалімі Дархан Тоқжігітов. 9. Мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары "Ұлттық мектеп лигасы" аясында өткізілген Тоғызқұмалақ жарысында ІІІ орынға ие болды! Олар: Биқасым Аружан - 6а сыныбы, Күмісбек Айдем - 5ә сыныбы, Бектнұр Батыр - 5а сыныбы, Ердал Нұртас - 6а сыныбы. Жетекшісі ДШ пәнінің мұғалімі Айдар Шеңгелбаев. 10. Қалалық "Жас Сарбаз" әскери-спорттық ойындарда командамыз жүлделі ІІІ орынға ие болды. Жетекшілік еткендер АӘТД пәнінің оқытушылары Б.Байжұманов пен Ж.Жақабай. 11. Мектебіміздің "Алаш" дебат клубының "Болашақ тобы", 7б кадет сыныбы оқушылары қалалық "Пікірсайыс" турнирінде ІІ орынға ие болды. Жетекшісі Н.Ахметханов. 12. «Ұлттық мектеп лигасы» бойынша шахмат спорт түрінен 6в сынып оқушысы Талғат Раян "Үздік спортшы" атағына ие болса, мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Базылжанов Айбек "Үздік жаттықтырушы" атағына ие болды. 13. "Ұлттық мектеп лигасы" бойынша мектебіміздің жас шахматшылары "Ақбозат" атты облыстық жарыста жеңіс тұғырынан көрінді! 5-6 сынып командасы мен 7-8 сынып командасы ІІ орынға ие болды. Жетекшісі Айбек Базылжанов. 14. "Ұлттық мектеп лигасы" жобасы аясында үстел теннисінен өткен Жетісу облысы біріншілігінде мектебіміздің командасы ІІ орынға ие болды. Жетекшісі ДШ мұғалімі Дархан Тоқжігітов. 15. Талдықорғанда «Құқықтық сана - қоғамға құрмет» атты бейнеролик байқауының жеңімпаздары марапатталды. Мектебіміздің 9 сынып оқушылары жүлделі ІІ орынды жеңіп алып, 300 мың теңге сертификатына ие болды. 16. Қалалық "Наурыз аруы - 2025" сұлулық байқауында мектебіміздің 9ғ сынып оқушысы Сейдулла Айару «Әсемдік аруы» номинациясына ие болып, қала әкімі Ернат Бәзілдің қолынан марапатталды. 17. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткен көктемгі жеңілатлетикалық жарыста мектебіміздің командасы екі мәрте жүлдегер атанды. "Көктемгі қоссайыс" бойынша ІІІ орын және "Көктемгі үшсайыс" бойынша ІІ орынға ие болды.	
--	--	--	---	--

		18. Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Өзін- өзі басқару ұйымының қызметі, оның басымдықтары мен жетістіктерімен таныстыру үшін мектеп оқушыларына тәжірибе тарату туралы өткен «Көшбасшы-қоғам бейнесі SAMGA» атты Көшбасшылар форумында белсенділік көрсеткен "Мектеп Парламенті" мүшелері, 9ғ сыныбы оқушылары Сейдулла Айару, Халысхар Аяжан, Құралхан Айғаным және Ғалелұлы Абай Алғыс хаттармен марапатталды. 19. 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған “Көңілді сөре” эстафеталық жарыста II орынға ие болды. Әлсіз жақтары: 10 сынып оқушысы М.А. үйден кету фактсы, 9 сынып оқушысы Х.А. үйден кету фактсы, 8 сынып оқушысы Т.А. төбелескені үшін және 5 сынып оқушысы М.Қ. мектептің ішкі тәртібін бұзғаны үшін «Мектепішілік профилактикалық есепке» алынып тұруы. Мүмкіндіктер: «Мектепішілік профилактикалық есепке» алынған оқушылармен жұмысты жүргізу Қауіп-қатер: Қауіпті аккаунттар ашықтығы	
Тәрбие бағыттары	Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған шаралардың әлеуметтік желіге тәжірибе ретінде таратылуы	Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы: «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру»: «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» бағыты Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінде жаңа оқу жылы “Менің Отаным – Қазақстан” бірыңғай сынып сағатымен басталып, 1 қыркүйекте алғашқы қоңырау салтанаты өтті. Шараға Жетісу облысы білім басқармасының және Полиция департаментінің өкілдері, сондай-ақ Құқық және әдеп менторы қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Ал “Полиция және балалар” акциясы аясында 1-сынып оқушыларына қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Қыркүйек айы бойы оқушылар мен ата-аналар арасында бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді. 3–6 қыркүйек аралығында “Отан отбасынан басталады”, “Мықты отбасы – мықты мемлекеттің кепілі” тақырыптарында сынып және ата-аналар сағаттары ұйымдастырылып, отбасылық құндылықтар мен зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері талқыланды. 16 қыркүйекте “Отбасым – Мақтанышым” акциясы аясында отбасылық тимбилдинг өткізілді. 18 қыркүйекте “Бала тәрбиесі – басты құндылық” бірыңғай тәрбие сағатына ардагер ұстаздар мен қоғам қайраткерлері қатысты.	

		Ай соңында “Қариялы ел – қазыналы ел” апталығы өтті. “Алаш” дебат клубы “Бізге қарттар үйі қажет пе?” тақырыбында пікірталас ұйымдастырды. 2025 жылғы сәуір айында мектеп ұжымы мен оқушылар арасында кәсіби шеберлікті арттыру мен патриоттық тәрбиеге бағытталған іс-шаралар өтті. 28 наурызда директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Т.Тайыржан “Педагогтар мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас” тақырыбында шеберлік сабағын өткізді. 4 сәуірде Төтенше жағдайлар басқармасының мамандары 8–10 сынып оқушыларымен қауіпсіздік ережелері жөнінде кездесу ұйымдастырды. 7 сәуірде Жетісу облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Келемсейіт Ермек Әбілмәжінұлы TED-X форматында мотивациялық кездесу өткізді. 10 сәуірде Полиция департаменті мен Психикалық денсаулық орталығының мамандары “Нашақорлықтың алдын алу және қылмыстық жауапкершілік” тақырыбында семинар өткізді. 16 сәуірде “Қазақстан барысы” жобасының жеңімпазы Ұлан Ғалымұлы Рысқұл оқушылармен кездесу өткізіп, еңбекқорлық пен спорттың маңызы туралы әңгімеледі. 17 сәуірде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған “Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс” атты патриоттық кеш ұйымдастырылды. 18 сәуірде 8в сынып оқушылары “Жетісудың Сарасы – бар қазақтың дарасы” атты әдеби-тағзым шарасын өткізді. Сондай-ақ “Суды үнемде – болашақты сақта” сынып сағаттары мен “Оюдың айтар ойы бар” атты тәрбиелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылар ұлттық мұра мен экологиялық жауапкершіліктің маңызын ұғынды. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған “Абай мұрасы – мәңгілік қазына” сынып сағаттары өтті. 29 сәуірде “Балауса” қыздар ұйымы мен “Жастар денсаулық орталығы” бірлесе отырып, жасөспірім қыздар арасында репродуктивті сауаттылық тақырыбында ақпараттық кездесу өткізді. Қорытынды: Қыркүйек пен сәуір айларында “Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік” бағыты аясындағы барлық іс-шаралар білім алушылардың азаматтық, рухани және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, ұстаздардың кәсіби даму мәдениетін нығайтуға және мектеп қауымдастығында өзара құрмет пен ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға бағытталды. «Тәуелсіздік және отаншылдық» бағыты Ұстаздар күніне арналған «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» атты мерекелік кеште ұстаздарға құрмет көрсетіліп, өнерлі жас мамандар мен оқушылар концерттік бағдарлама ұсынды. «Даналық ұстаздан» челленджі мен «Дублер күні» өткізілді. Сонымен қатар, «Жетісу әкелер мектебі» жобасы	
--	--	---	--

		аясында әкелер мен ұстаздар қатысқан тәрбиелік кездесу, оқушылар мен ата-аналар арасында түрлі тренингтер ұйымдастырылды. Қазан айында Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған «Ер есімі – ел есінде!» ерлік сағаты, Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған танымдық сағаттар мен Республика күніне арналған «Мәңгілік жаса, қыран елім – Қазақстан!» атты патриоттық онкүндік жоғары деңгейде өтті. «Жас полиция» кадеттерінің ант қабылдау рәсімі және «Алаш» дебат клубының сыбайлас жемқорлық тақырыбындағы ойыны оқушылардың азаматтық ұстанымын нығайтты. Көктем айларында «Жас жігер» ұйымының ұлдар жиналысы, 8 наурыз мерекесіне арналған «Ана деген – тіршіліктің тірегі» концерті, «Жетісудың спорт саңлақтары» кездесу кеші, қауіпсіздік пен адам саудасының алдын алу бағытындағы сынып сағаттары өткізілді. Наурыз мерекесіне орай «Көрісу–амал мерекесі», «Қайырымдылық – жылы жүректен» акциясы, ағаш отырғызу және «Ұлттық спорт – Ұлы дала мұрасы» атты Денсаулық күні ұйымдастырылды. Қорытынды: Жыл бойы өткізілген іс-шаралар оқушылардың отаншылдық рухын арттырып, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастырды. Ұжымның бірлескен еңбегі арқылы мектепте тәрбиенің тұтастығы мен мазмұндылығы қамтамасыз етілді. «Әділдік және жауапкершілік» бағыты АӨТД пәнінің жетекшісі Бекзат Байжұманов ұжымды «Терроризм актісінің қауіпі туындаған жағдайда әрекет ету тәртібі» бойынша жадынамамен таныстырды. 05.11.2024 күні мектеп инспекторы М.Ж.Мужукова, ДТЖ орынбасары Қ.Ж.Қуанышбаев және әдеп-құқық менторы М.Е.Сарсебаев 8–10 сынып оқушыларымен «Синтетикалық есірткі қасіреті», «Есірткі тасымалдау – ауыр қылмыс», «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» тақырыптарында профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Алтын күз–2024» жоспарына сәйкес «Күзгі бояулар», «Күзгі фотосессия», «Күзгі жәрмеңке» байқаулары, сондай-ақ табиғи материалдардан жасалған «Күзгі сыйлар» көрмесі ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды. 8–11 сыныптар арасында өткен «Royal Ball» кешінде Ханзада мен Ханшайым анықталып, оқушылардың шығармашылық белсенділігі артты. 20.11.2024 күні «Әкелер мектебі» жобасы аясында «Адал азамат рухында ұрпақ тәрбиелеу» тақырыбында әкелер отырысы өтті. 21 қараша күні мектеп әкімшілігі мен әдеп-құқық менторының ұйымдастыруымен Алматы қаласынан Айжан Бауыржанқызы Zoom платформасы арқылы «Komek Stop Bullying» тақырыбында онлайн кездесу өткізіп, буллингтің алдын алу жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сол күні «Жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер» тақырыбында сейсможаттығу ұйымдастырылып, ұстаздар мен оқушылар төтенше жағдайда іс-қимыл ережелерін тәжірибеде орындады. «Алаш»	
--	--	--	--

		дебат клубы аясында «Сыбайлас жемқорлық – барша қоғамның дерті» атты дебат ойыны өткізіліп, үздіктер марапатталды. Қараша айында оқушылардың құқықтық мәдениетін және жауапкершілік сезімін арттыру мақсатында «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс», «15 қараша – Ұлттық валюта күні», «Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік», «Діннен адастырар теріс ағым», «Өмірге салауатты қадам» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. Қорытынды: Жүргізілген іс-шаралар оқушылардың әділдік, жауапкершілік, азаматтық сана мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Мектеп ұжымы мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жас ұрпақтың адалдық пен әділдік құндылықтарын бойына сіңіруге қол жеткізілді. «Бірлік және ынтымақ» бағыты 05.12.2024 күні Еріктілер күніне орай мектеп парламентінің қамқорлық және еріктілер фракциясы мүшелері «Жылы жүрек» акциясын өткізіп, ізгілік пен мейірімділікті дәріптеді. Сол күні жоғары сынып оқушыларымен Жетісу облысы дін істері басқармасының теологы, дінтанушы-психолог Мүтебаев Қанат Маратұлының қатысуымен «Ел түзелсін десең – әуелі өзінді түзе», «Бақыттың кілті өз қолында» тақырыптарында TEDx форматындағы мотивациялық кездесу өтті. 06 және 10 желтоқсан күндері қалалық полиция басқармасының өкілдері мен мектеп инспекторы оқушылармен құқықтық тәрбие және жауапкершілік тақырыбында профилактикалық сағаттар өткізді. Барлық сыныптарда “Су – тіршілік көзі” тақырыбындағы экологиялық сынып сағаттары ұйымдастырылып, табиғатты қорғауға баулу мақсат етілді. 12–13 желтоқсан күндері 1–11 сыныптарда «Ұлттық рух – Тәуелсіздік тірегі» атты бірыңғай сынып сағаттары өтіп, оқушылар Тәуелсіздік тарихымен және ел жетістіктерімен танысты. «Алаш» дебат клубының мүшелері арасында «Тәуелсіздік – Ұлы дала ұрпағына аманат» тақырыбында дебат ойыны өтіп, жеңімпаздар қалалық кезеңге жолдама алды. Желтоқсан айында «Оқуға құштар мектеппіз!» жобасы бойынша әдеби кітап оқу дәстүрі жалғасын тапты. 18.12.2024 күні полиция департаменті қызметкерлері 11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру кездесуін өткізіп, елге адал қызмет ету жайында тәлімді ойлар айтты. 25–27 желтоқсан күндері «Жасөспірім» және «Түнгі қаладағы балалар» профилактикалық рейдтері ұйымдастырылып, мектеп оқушылары тәртіп бұзушылықсыз белсенділік танытты. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында әлеуметтік осал топтағы оқушылар қала және облыс әкімдерінің шыршасына қатысып, сыйлықтармен марапатталды. 23–25 желтоқсан күндері барлық сыныптарда «Қош келдің, Жаңа жыл!» ертеңгіліктері өткізіліп, өнерлі оқушылардың қатысуымен мерекелік көңіл күй орнады. Көктем мезгілінде де бірлік пен татулық тақырыбы өз жалғасын тапты. 1 мамыр – Бірлік күніне орай бастауыш сыныптарда «Біз әртүрліміз, біз теңбіз!» тақырыбында сынып сағаттары, 8–9	
--	--	--	--

		сыныптар арасында «Қазақстан халқы достығы – тұрақтылық кепілі» фестивалі ұйымдастырылды. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі» сынып сағаттары, патриоттық шеру және «Жеңіс – ерлік пен бірлікте!» дебат ойыны өтті. 15 мамыр – Отбасы күніне арналған «Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер» тақырыбындағы сынып сағаттарында оқушылар отбасының маңыздылығын ұғынды. 16 мамыр күні полиция және ТЖБ қызметкерлерінің қатысуымен қауіпсіздікке арналған кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Адал азамат» бағдарламасы аясында эссе байқауы өтіп, оқушылар өз көзқарасын шығармашылық тұрғыда білдірді. 22.05.2025 күні «Балалар үні» апталығы аясында өнегелі Андастар және Чиныбаевтар отбасымен кездесулер өтіп, оқушылар отбасы құндылықтарының маңызын түсінді. 23.05.2025 күні «Мектебім, саған мың алғыс!» атты соңғы қоңырау салтанаты өтіп, мектеп директоры С.Б.Жанаберлиева түлектерге ақ жол тілеп, үздік оқушылар марапатталды. Сондай-ақ барлық сыныптарда «Білімім – Отаныма» бірыңғай сынып сағаттары өтіп, оқу жылының жетістіктері қорытындыланды. Жыл соңында прокуратура қызметкерінің қатысуымен «Қауіпсіз маршрут, қауіпсіз аула», «Заң және тәртіп» тақырыптарында профилактикалық кездесу өтті. Ал «Жұлдызы жанған жас дарын» марапаттау салтанаты оқу жылының қорытынды аккордына айналып, оқушылардың жетістіктері мен бір жылдық еңбегі лайықты бағаланды. Қорытынды: Жыл бойы ұйымдастырылған шаралар оқушылардың достық, бірлік, ынтымақ, патриотизм және өзара сыйластық құндылықтарын нығайтып, мектеп ұжымының біртұтас тәрбиелік кеңістігін қалыптастыруға зор үлес қосты. «Заң және тәртіп» бағыты 2025 жылдың қаңтар айында мектебімізде біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп» айлығы ұйымдастырылды. Айлықтың негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыру, заңға деген құрмет сезімін қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік дағдыларын дамыту болды. 4 қаңтар күні қалалық полиция басқармасымен бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық рейдтік шара өткізілді. Нәтижесінде мектеп оқушылары тарапынан құқық бұзушылық деректері тіркелмеді. «Жас сақшы» кадет сыныбының ұйымдастыруымен бастауыш және орта буын сыныптарында «Абайлаңыз, балақай!» тақырыбында қауіпсіздік сағаттары жүргізілді. Балалар жолда жүру ережелерімен танысып, жол белгілерін ажыратуды үйренді. Осы бағытта 13–17 қаңтар аралығында барлық сыныптарда «Абайлаңыз, балақай!» атты қауіпсіздік апталығы өтті. Апталық барысында	
--	--	--	--

		оқушылар қыс мезгіліндегі, жолдағы, сондай-ақ мопед, скутер, самокат қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен танысты. 17 қаңтар күні 7-сыныптар арасында «Қоғамдағы заң және тәртіп» тақырыбында дебат ойыны ұйымдастырылды. Жүлделі І орынды 7 «Б» кадет сыныбының “Болашақ” командасы, ІІ орынды 7 «А» сыныбының “Пикми” командасы, ІІІ орынды 7 «Ә» және 7 «Б» сыныптарының “Алға” және “Бірлік” командалары иеленді. Әдеп-құқық менторы М.Е. Сарсебаев пен ДТЖ орынбасары Қ.Ж. Қуанышбаев 5–11 сыныптармен кездесу өткізіп, буллинг пен кибербуллинг, нашакорлық, лудоманияның зияны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің хатына сәйкес, барлық сыныптарда «Жемқорлық індет, жою міндет» тақырыбында бірыңғай «Адалдық сағаттары» өткізілді. Іс-шараның мақсаты – адалдық, парасаттылық, әділдік және сенім құндылықтарын оқушылар бойына сіңіру болды. Қуанышты жаңалық ретінде Талдықорғанда өткен «Құқықтық сана – қоғамға құрмет» атты бейнеролик байқауында мектебіміздің 9-сынып оқушылары жүлделі ІІ орынды иеленіп, 300 мың теңге сертификатымен марапатталды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 23 қаңтар күні 9-сыныптар арасында «Бір мамандық – екі ұрпақ» атты кәсіби бағдар байқауы өтті. Шара балалардың болашақ мамандыққа қызығушылығын арттырып, еңбекке деген ынтасын күшейтті. 29 қаңтар күні №1 Талдықорған қалалық емханасының «Салауатты өмір салты» орталығы маманы С.Е.Тұтқабаева жоғары сынып қыздарымен «Жеке бас гигиенасы», «Ерте жүктіліктің алдын алу» және «Жұқпалы аурулардың алдын алу» тақырыптарында семинар өткізді. Мектеп парламенті мен дене шынықтыру пәні мұғалімдері ұйымдастырған «Есірткіге жол жоқ!» атты эстафеталық ойын 6-сыныптар арасында ерекше қызығушылықпен өтті. Жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталып, марапатталды. «Әкелер мектебі» мен «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасы аясында 7 «Б» кадет сыныбы ата-аналары арасында «Әкем, анам және мен!» атты отбасылық эстафеталық жарыс өтті. Шара салауатты өмір салтын дәріптеп, ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуына мүмкіндік берді. Қорытынды кезеңде барлық сыныптарда «Мінез-құлық ережелері» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, оқушылардың жауапкершілік пен тәртіп дағдылары пысықталды. Қорытынды: «Заң және тәртіп» айы аясындағы іс-шаралар оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, заңға құрметпен қарау, тәртіп пен қауіпсіздік сақтау мәдениетін қалыптастыруға зор ықпал етті. «Жасампаздық және жаңашылдық» бағыты	
--	--	---	--

			"Адал ұрпақ" жетекшісі Гүлдана Бейсенбай оқушылармен дөңгелек үстел өткізіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру туралы айтты. 05 ақпан күні 8–11 сыныптар арасында құқық қорғау органдары мен Жетісу облыстық психологиялық қолдау орталығы мамандарының қатысуымен профилактикалық кездесу өтті. 07 ақпанда «Құқықбұзушылық пен нашакорлықтың алдын алу» жиналысы ұйымдастырылды. 11 ақпанда «Балауса» қыздар ұйымы «Қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында, ал 12 ақпанда «Жас жігер» ұлдар ұйымы «Бопсалаушылық және заң алдындағы жауапкершілік» тақырыбында жиын өткізді. Кадет түлектері құқық қорғау саласы туралы кәсіптік бағдар берді. 14 ақпанда «Ауғанстан – жүректегі жара» ардагерлермен кездесу өтті. Мұқағали Мақатаевқа арналған «Өмір – өзен» челленджі мен «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясы ұйымдастырылды. 18 ақпанда аға прокурор Т.Омарханов «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында TEDx форматтағы кездесу өткізді. 20 ақпанда 7-сыныптар арасында дебат, 8-сыныптар арасында «MI BATTLE» ойыны өтті. 1 наурыз – «Алғыс айту күніне» орай бірыңғай сынып сағаттары мен челлендж ұйымдастырылды. Барлық сыныптарда «Бала қауіпсіздігі» және «Ғаламтор мәдениеті» тақырыптарында қауіпсіздік сабақтары өтті. Қорытынды: Өткізілген іс-шаралар оқушылардың азаматтық белсенділігін арттырып, шығармашылық пен жаңашылдыққа деген қызығушылығын оятты. Тәрбиенің бұл бағыты жас ұрпақты жауапкершілікке, ізгілік пен өзара құрметке баулуға ықпал етті.	
	Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.	Кітапхана ресурстары	Мектеп кітапханасының 2024-2025 оқу жылдағы жұмысы Мектеп кітапханасы өз жұмысында басшылыққа алады: «Білім туралы Заң», «Кітапхана ісі туралы Заң», «Мектеп кітапханасы туралы ереже». Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді. Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары: -оқу және тәрбие процесін кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің барлық түрлерімен және әдістерімен қамтамасыз ету; - кітапқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу және оқу мәдениетін қалыптастыру, баспа басылымдарына ұқыпты қарау; - оқу пәндерін табысты оқу, сөйлеу мен ойлауды, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттерді дамыту мақсатында оқушыларды оқуға тарту. Кітапхананың жалпы көлемі 92,5 ш.м. кітапхана 2 бөлімнен тұрады: оқу залы абонемент және кітап сақтау қоймасы. Отыратын орындардың жалпы саны –12, кітап сөрелері –15, стеллаждар –7, оқулықтарға арналған стеллаждар –5. Кітапханада 2 компьютер, 2 принтер, 5 ноутбук, 1 телевизор бар. Барлық компьютерлер интернетке қосылған. Кітапхана қоры мектеп кітапханаларына арналған	

		Кітапханалық-библиографиялық классификацияға сәйкес орналастырылған. Кітапханада қазақ тілінде алфавиттік және жүйелік каталогтар бар. Кітапханада құжаттама бекітілген номенклатураға сәйкес жүргізіледі. Мектеп кітапханасының кадрлары: кітапхана меңгерушісі Ботаева М.Д. (Сарқан мәдени – ағарту училищесі 1984 ж. Білімі: жоғары Талдықорған қаласы І.Жансүгіров атындағы педогогикалық институты 1991 ж. Педагогика мен психология факультеті, мамандығы Педагогика мен психология пәнінің оқытушысы, тәрбиеші, жалпы еңбек өтілі – 34 жыл, мамандық бойынша 21 жыл, аталған оқу орнындағы жұмыс өтілі 18 жыл. Кітапхана басшылыққа алатын нормативтік құжаттары: - Кітапхана туралы ереже; - Кітапхананы пайдалану ережесі; - Кітапхана қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары; - Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары; - Мектеп кітапханасының жұмысы туралы жылдық есеп; - Кітапхананың нормативтік-регламенттеуші құжаттары жинақталған (Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының әдістемелік ұсынымдары (ҚР БҒМ РҒПБ). Есептік құжаттаманың болуы: Кітапханада келесі есеп беру құжаттары бар: - Негізгі кітапхана қорының жиынтық есебі кітабы - Түгендеу кітаптары - Негізгі кітапхана қорының қозғалыс актілерінің папкалары (есептен шығару) - Кітапхана жұмысының күнделігі - Библиографиялық анықтамаларды есепке алу журналы - Оқулықтарды есепке алу журналдары - Оқулықтарды жеткізу бойынша шот-фактуралардың көшірмелері бар папка - Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы. <u>Кітапхананың кітап қоры туралы мәлімет:</u> Оқу әдебиеттері қоры бөлек орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізілді. Жаңа оқулықтардың түсуіне қарай оларды бірден өңдеу және орындарына орналастыру жүргізіледі. Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Кітапхана ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, балалар әдебиетімен, электронды	
--	--	--	--

оқулықтармен жабдықталған. Құжаттарға жазу уақтылы және ұқыпты жүргізіледі. 2024-2025, 2025 -2026 оқу жылдары аралығында кітапхананың кітап қоры төмендегідей болды:

Оқу жылы	Жалпы қор	Оқулықтар	Көркем әдебиет	Электрондық оқулықтар
2024-2025	21283	17443	3840	315

Оқырмандармен жұмыс:

Кітапханалық қызмет көрсету «Кітапхана туралы ережеге» және кітапхана жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Абонемент және кітапхананың оқу залы СанПИН талаптарына жауап береді, эстетикалық безендірілген, қажетті стеллаждармен қамтамасыз етілген. Кітапхананың жұмыс кестесі, кітаптарды пайдалану ережелері ілінген.

Оқырмандарды қайта тіркеу, сабаққа қатысу және кітап беру күнделік жазбаларына сәйкес келеді. Формулярлар уақтылы толтырылады. Оқырмандар кітапхана қорынан 10 күн мерзімге баспа басылымдарын уақытша пайдалануға алады, кітапханашыдан алынған анықтамалық ақпаратты пайдаланады. Барлық оқушылар мен оқытушылар "кітапхананы пайдалану ережелерін" сақтайды, бұл олардың тәуелсіз кітапхана пайдаланушыларының дағдыларын қалыптастырады. Кітапхана оқытушыларға, сынып жетекшілеріне іс-шараларды, сынып сағаттарын өткізуге көмек көрсетеді. Әдебиеттер, Өлеңдер іріктеліп, кітап көрмелері рәсімделеді.

Жеке қызмет көрсетудің негізгі нысандары:

- кітапханаға жазылу кезіндегі әңгіме;
- оқылған туралы әңгіме;
- кітап таңдау кезіндегі ұсынымдық әңгімелер;
- оқырман формулярларын талдау.

Оқырман формулярларын талдау бойынша оқырмандар арасында көркем әдебиет пен балалар әдебиеті ең көп сұранысқа ие деп айтуға болады. Бірақ кітап беру саны азайып келеді-бұл кітапханадағы әдебиет оқырмандардың сұранысына сәйкес келмейтіндігімен, қазіргі балалар жазушыларының қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптары аз болуымен түсіндіріледі. Балалар жарқын суреттері бар жаңа, қызықты кітаптарды оқығысы келеді.

Оқытушыларға берілген материалдардың төмен көрсеткіші әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіз мөлшерде болуымен, көптеген кеңселерде Интернетке қосылған компьютерлер бар екендігімен түсіндіріледі.

Оқуға тарту мақсатында кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ақ уақытша және тұрақты жұмыс істейтін әр түрлі айлықтарға түрлі көрмелер ұйымдастырылады.

		2024-2025 оқу жылы бойынша мектебімізде «Балалар кітапханасы» жобасы құрылды. . Мектеп кітапханасынан оқушылар кітап әлемімен танысып, кітапты құрметтеуді, онымен жұмыс жасауды үйренді. Әр түрлі тақырыптарда көрме жасалды. Мысалы айтқанда «Оқуға құштар мектеп», «Жаңа кітап – жан азығы», «Ертегілер елінде » т.б Балалар кітапханасы » жобасы аясында «Білімді ұрпақ - ел болашағы!», «Білімді ұрпақ-жарқын болашақ!», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Тәуелсіз елдің жаңа белесі», «Жасай бер, қазақ тілі, ана тілім!», «Оқуға құштар бол», «Мен кітапты жақсы көремін», «Шырайлы көктем, шұрайлы өлкем Жетісу» тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылды. Ұлы ағартушы, ұлт ұстазы, аудармашы қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына «Ахмет Байтұрсынұлының әдеби шығармалары» атты дөңгелек үстел , «Тіл білімінің атасы», «Тіл тағлымы» , «Жасай бер,қазақ тілі ,ана тілім» кітап көрмелері ұйымдастырылды. «Кітаппен бірге өсеміз»(кітап таңдаудағы сенің көмекшің) Бірінші сыныптармен «Кітап әлеміне саяхат» атты кітапханаға саяхат жүргізілді. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектебімізде жыл бойы "Кітапханаға кітап сыйла", "Досынмен кітап алмас" ұранымен Буккроссинг марафоны өткізіледі. Аталмыш марафонға ұстаздар, ата-аналар және оқушылар белсенді қатысуда. Осы орайда, детектив жанры дарабозы атанған, қазақ жазушысы Кемел Тоқаевтың 5 томдық кітаптары кітапханаға сыйға тартылды. Күзгі демалыс кезінде кітап оқимыз "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз!" Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітапхана жұмыстарында заманауи, тиімді әдіс- тәсілдерді қолдануы; / «READx », «Радио оқу», «Тарсия», «Додекаэдр», «Құпия құдық», «Стоп кадр» «Пицца» әдістер жоба нәтижесінде оқушылардың танымдық қызығушылығының артты Мерейлі жылдарға байланысты іс- шаралар : конференция, байқаулар, дөңгелек үстел, жоспарға сай ауқымды , тартымы өтуі;«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2- 11 сыныптар арасында «Мен оқимын сен оқисың, құрбыларымның бәрі оқиды» кітап оқу марафонының ұтымды болды, 5-6 сынып оқушыларымен драматург-жазушы, журналист Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат » кітабы бойынша пазыл құрастырып сайыстың өткізілді; «Өнегелі өмір» Біртұтас тәрбие жоспары негізінде 7-9 сынып оқушыларымен қазақ әдебиетінің негізін құраушы, мемлекеттік қайраткер Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130- жыл толуына орай әдеби- танымдық кеш ұйымдастырылды; READx әдісі бойынша « Мен оқыған бір кітап» 5-9 сыныптар арасында оқыған кітаптарын жарнамалады; 6 сынып оқушыларымен - Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының біртуар қаламгері Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа » повесі "Кітап пен киноның сиқырлы әлемі" атты сайыстың өткізілді;3-4 сыныптар арасында «Абай мұрасы-халық ұлағаты» (Абай Құнанбаев – 180 жыл) мәнерлеп оқу байқауының өтті; 4-5 сынып оқушыларымен «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ата- аналар кітап әлемінде» айдарымен «Радио – оқу» Ыбырай	
--	--	--	--

			Алтынсариннің " Таза бұлақ " әңгімесін оқып, оқырман назарына ұсынылды; 9 мамыр Ұлы жеңіс күніне орай «Ер есімі - ел есінде » 7-10-11 кадет сыныптар арасында «Ешкім де, ештеңеде ұмытылмайды» ерлік сағаты, көрме ұйымдастырылды. <table><tr><td>Оқу жылы</td><td>Оқырман дар саны</td><td>Келу саны</td><td>Кітап беру саны</td><td>Оқылуы</td><td>Қордың айналымы</td></tr><tr><td>2024-2025</td><td>1200</td><td>14000</td><td>18000</td><td>15</td><td>2%</td></tr></table>	Оқу жылы	Оқырман дар саны	Келу саны	Кітап беру саны	Оқылуы	Қордың айналымы	2024-2025	1200	14000	18000	15	2%	
Оқу жылы	Оқырман дар саны	Келу саны	Кітап беру саны	Оқылуы	Қордың айналымы											
2024-2025	1200	14000	18000	15	2%											
	Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.		Мектепте Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 48-бап, 6-пунктіне сәйкес оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік қарастырылған. Заң талаптарын орындау мақсатында мектепте 76 цифрлық бейнебақылау камерасы орнатылған, оның–64 ішкі дәліздерде, мәжіліс залында (1), асханада (2 камера), спортзалында (1), 12 сыртқы камералар арқылы бейнебақылау жүргізіледі. Бейнебақылау жүйесі жедел басқару орталығына 12 данасы қосылған. Мектеп ғимаратының кіреберісі 4 турникетте адамды танитын бағдарламасы орнатылған, бөгде адамдарды тіркеу жүргізіледі. Оқушылардың қауіпсіздік жағдайында 2 дабыл батырмасы қосылған, сонымен қатар ғимаратта күзет қызметкері келісім –шарт (Ельтай ЖШС) аясында жұмыс жүргізеді. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша жабдықталған қару-жарак сақтайтын арнайы бөлме, саптық дайындық алаңы, тәуліктік кезекшінің орны жасақталған. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқушылар қауіпсіздік техникасы ережелерімен танысып, сақталуы қамтамасыз етілген. Мектепке пандус орнатылған. Инклюзивті орта қалыптастыру жолында мектеп ғимаратының кіреберісінде пандус және тайғанамайтын кіреберіс жасақталған. Кіреберіс сыртқы қабырғада қолжетімділік белгісі орнатылған. Мектепте арнайы әжетхана орны бар. Мүгедектер арбасы үшін унитаздың жанында арнайы аймақ жасалған және кабинеттің қолжетімді белгісі бар, сонымен қатар раковина аймағында мүгедектер арбасы үшін санитарлық тораптар жабдықталған. Мектептің ішкі әжетханалары талапқа сәйкес.													
	Тиімді оқытуға ықпал ететін материал	Мектептің материалдық-техникалық базасы	Мектеп Талдықорған қаласы Біржан сал көшесі 108 мекен жайда типтік. Мектептің жобалау қуаттылығы 572 орын. Жылу жүйесі орталықтандырылған. Мектеп – лицей 1991 жылы салынған, жалпы алаңы-8647,8 м², жалпы жұмыс ауданы -6788,6, пайдалану алаңы-22285 м², жобалық қуаты-572 орын. Мектепте ыстық және ауыз сумен қамтылған, ауласы талаптарға сәйкес көгалдандырылған. Инклюзивті орта қалыптастыру жолында мектеп кіреберісінде пандус және													

дық-техникалық базасы.	тайғанамайтын кіреберіс жасақталған. Кіреберіс сыртқы қабырғада қолжетімділік белгісі орнатылған. Мектепте арнайы әжетхана орны бар. Мүгедектер арбасы үшін унитаздың жанында арнайы аймақ жасалған және кабинаның қолжетімді белгісі бар, сонымен қатар раковина аймағында мүгедектер арбасы үшін санитарлық тораптар жабдықталған. Мектепте ішкі әжетханалар талапқа сәйкес. Мектеп 4 қабатты. Жалпы бөлмелер саны -194, соның ішінде оқу кабинеттері-36, 3 зертхана (химия, биология, физика), 1 психолог кабинеті, 1 дефектолог-логопед кабинеті, акт залы (149,5м²), спортзал (275м²), 1 кітапхана (91,2м²), асхана -1; I қабат: №110 –шеберхан ұлдар - (90,3), №108 (91), №106 (60), №104 (60,2), №103 (70), №102 (60,4), №101 (55,2), мектеп басшысының кабинеті (59,6), қабылдау кабинеті (5,92), №99 (56,4), №98 (58,4), №97 (АӘД) -67; II қабат: №210 (61), №201-Кадет (66), №208 (61), №207 (56,3), №206 (60), №205 (41), №202 (58,4), №209 (66,7), мед пункт (24,7); III қабат: №320 шеберхана қыздар (67,3), №318 кіші спорт зал (74,8), №319 информатика (60,3), №312 информатика (38,6), №310 химия (60,6), №308 IT кабинеті (61), №302 физика (63,4), №301 (61); №313 (15,7), №313 (24,4), №309 (9), №306 (16,2), №305 (15,8); IV қабат: №401 (39,2), №402 (63,4), №403 (36), №405 (57), №408 (61), №407 (38,7), №410 биология (61), №414 (42,4), №411 (70,5), №418 (34,6), №404 (23,3). Мектепте медициналық пункті 1 кабинет (24,7 м²) бөлмелері арнайы жабдықталған. Мектепте 1 медбике қызмет етеді: А.Қайыпбайқызы. Сертификаты, лицензиясы, келісім - шарты бар. Мектепте модификацияланған кабинеттер: химия (2013ж.), биология (2013), физика (2012ж). АКТ ресурстарын қолданып сапалы білім беру мақсатында – кабинет (қазақ тілі, орыс тілі, математика, бастауыш сыныптарда -3 кабинетте проектор және экранмен жабдықталған. Барлық компьютер саны–346, соның ішінде ноутбук саны –264, планшет саны -6, интерактивті тақта-12 дана. Мектептегі интернет жылдамдығы келісім шарт бойынша 100 Мбит/с, факті бойынша 60/20/20 Мбит/с. Мектепте 1 асхана бар: көлемі-117,6м² 100 орындық, 1-4, 5-11 сыныптарға арналған, ғимараттың 1-қабатында орналасқан, Асханада тамақ пісіру цехы, көкөніс өңдеу цехы, ет өңдеу цехы, ыдыс жуу цехы, қойма және қызметкерлерге арналған санитарлық орындар жабдықталған. Ас ішетін залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшіктер талаптарға сәйкес орналастырылған. Асхана қызметкерлері уақытылы медициналық тексеруден өткені туралы санитарлық кітапшалары жинақталған. Жұмыс барысында арнайы киім үлгілері (халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім, ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап) қарастырылған. Бекітілген ас мәзірі қабырға ілмесінде көрсетіледі. Оқушыларды
-------------------------------	---

		тамақтану «ЖШС Орманбекова» Орманбекова Гульнар Шариповнамен келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. Мектепшілік бұйрық №237, 05.09.2023ж бекітілген бракеражды комиссия (комиссия мүшелері С.Б.Жанаберлиева, Қ.Ж.Қуанышбаев, Б.Т.Тайыржан, С.Б.Иманбекова, Б.Т.Шлембаева, Г.Каержанова, М.Біржан –әлеуметтік педагог) асханадан берілетін тамақтың сапасын, асхана тазалығын тексеру кестесіне сәйкес жұмыстар жүргізеді. Асханада бракеражды комиссия тарапынан атқарылған жұмыстар жоспарға сәйкес директор жанындағы кеңесте тыңдалады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес.	
--	--	---	--